

Жерлесіміз Кәжен Имекеновтің ерлігі жайында

Жауынгердің күнделігінен

Бүгінде халқымыз бейбіт өмір сүріп, кешегі Ұлы қан төгістің жеңіспен аяқталғанына 80 жыл толуына орай жер-жерде іс-шаралар өтіп жатыр. Иә, соғыс аяқталғанымен әр шаңыраққа түскен салмақ, өшкен шырағы, артта қалған жесір қасіреті, жетім болып өскен ұрпағы кешегі дүрбелен қезенді ұмыта қойған жоқ.

Ұмытылуы да мүмкін емес. Бір жерде дастархандас болған әйел адамның аты Нарва екенін естіп таң қалдым. «Апыр - ау, әйел адамның атын Нарва қойғаны қалай», - деп жөн сұрадым. Әкесі соғыста Эстонияның Нарва қаласында жан алып, жан беріскең соғыста көптеген жолдастарынан айырылып, елге аман-есен келген соң баласының атын Нарва қойған екен.


Әкесінің соғыс кезінде ұқыптылықпен жазып сақтаған қолжазбаларын әкеліп көрсетті. Әр сарғайған парақты ақтарған сайын «Отан үшін» деп айқайлаған жауынгер дауысы құлағыма келіп, аласапыран қиян-ке-

кездесіп, Нарва өзенінен өту өте қындық тұғызады. Мінномет батареясынан көптеген адамдар оқса ұшады. 11 адам ауыр жарапанады. Өзімен бірге барған Ділдәбек Байменов (Еңбек совхозынан), Байғали Маженов (Откорм совхозынан) оқса ұшса, Амангелді ауданынан Сұрша Жусіпов жарапанады.

Осы кезден бастап дивизия Ленинград майданынан шығып, II Белорусь майданына Маршал Ракосовский-дің қарамағына беріледі.

Нарвага баратын тас жол мен темір жолды алып, жаудың қатынасын үзу дивизияға жүктелді. 6-шы наурыз күні Нарва қаласына қайта шабуылдан, ақыры көп шығынмен қаланы алады. Көптеген достары қазаға ұшырайды. Осылай қырғын қан төгіспен 14 қаңтар 1945 жылы Варшава қаласын жаудан азат етеді. Варшаваны азат етуде Советтің 600 000 солдаты өлген. Сол күні таңертенгі сағат 7-де басталған соғыс түскі сағат 1-ге дейін созылып, жау артеллериясы соққыға төзе алмай қару жарагын, жаралылары мен өлгендерін тастай қашады.

Жау сол қашумен 17 қаңтар күні Висла өзенінен келіп паналайды. Өкшелей соғыс жүргізе отырып,



берік тас қамал осы қаланы алмай Берлинге шабуылдау мүмкіндігі жоқтығы атала-да.

24-28 наурыз аралығында бес күн бес түн шабуылдау нәтижесінде осы екі қаланы талқандап, жаудың пароход, үшақтарымен, соғыс құралдарымен қоса жұз мындаған солдаттарын қолға түсіреді.

Гұдина-Данциганы бо- сатқаннан кейін бұл армия II Белорусь майданынан, яғни, Рокосовский-дің қара-

куніренгендей, дүние енді осы қалпында тұра берсе астаң-кестең бол ауда-рылып кететіндей жағдайда болды.

Жайшылықта аяқ бассаң қозғалмайтын жалпақ қара жер үстінде жүрген бізге іші қуыс нәрседей, дүңкілдей-тіндей дыбыс әсерін береді. Жер үгітіліп кететіндей сезіненесің, қоргалайсың.

Солдаттарда қорқу, қай-мығу, бұғу, үрейленудің бірі де жоқ. Оқтан, өлімнен

сетіледі. Ш. Б.).

Көше соғысы басылған соң күніне бір-екі шақырым ілгерілей отырып, Рейхстагқа 7 шақырым қала ішіне кіріп орналасып 1, 2, 3 мамыр күндері май мейрамын өткізіп, 4 мамыр күні бізді Берлиннен 48 шақырым жердегі ағаш арасындағы лагерьге апарып, сонда соғыс жаттығу оқуында болып, 9 мамыр күні жер жүзіндегі халықтың жауы фашизмнің күлін кекке ұшырып, Берлинді алып, Германияның сезіз құрығаны туралы жеңіс тойын тойладық».

Осылдан 80 жыл бұрын сұрапыл соғыста болып, бастаң өткерген қындығы мен жауынгерлер қаһармандығын ұқыптылықпен қағазға түсірген жауынгер азамат Берлинде шетел солдаттарымен екі рет экспедицияда болған. Рейхстагтың талқан болғанын көріп елге аман-есен оралған.

Полк командирі Волковпен, саяси бөлім бастығы Иващенкомен, полктың орынбасары Мыльниковпен, қазақ жігіттері Әлібек, Дәкеш, Бұркіт, Ислам, торғайлық Жұмашай Әшебенов, Досмадияр Досжанов, Қадырбек Сейдалиндермен 18 тамызда пойызға отырып, елге 2 қыркүйек, 1945 жылы келеді.

Канчан Имекенов соғы-

сік соғыс көз алдыма еле-
стеді.

Жангелдин ауданының бұрынғы «Албарбекет», бүгінгі «Тәуіш» ауданынан 1943 жылдың көктемінде соғысқа он жігіт бірге аттанады.

18-ші Қызыл тулы Бас қолбасшының резервінде-гі Гашинский дивизиясына қарасты 42-миномет бригадасының 532-миномет белімінің қарауында расчет командири болып, 9 сәуір 1943 жылы соғысқа кіреді.

Сол кезде Ленинград фронтын Маршал Говоров, дивизияны генерал майор Казнов, бригаданы еki мәрте Совет Одағының батыры полковник Киршетов, полкты майор Волков, полк штабын Горбачев деген кіслер басқарған.

Ленинград қаласының қоршаудағы кезі. Бұл әскерлер 1 қаңтар 1944 жылға дейін Колтын қаласының жанындағы Октябрь темір жолы бойын қорғаған. Ленин қаласынан жеті шақырым тұратын Урицкий қаласына бекініс жасап, 2 -ші қаңтардан 13-ші қаңтарға дейін дайындалып, 14-ші қаңтар күні таңғы сағат бесте миномет артеллериядан шабуылдан, шабуыл 5 күнге созылған. 19 қаңтар күні жау әскери з жылдай бекінген бекіністі тастан қашып шығады. Жау соңынан күа түсіп, Эстонияның Нарва қаласынан 18 шақырым жерде тұратын Киндисайске дейін атыса қып, Эстон шекарасына шығып, Нарва қаласына 6-шы ақпанда шабуылдаған.

Милионға жақын халық тұратын үлкен Нарва қаласын алуда көп қындыққа

қаңтар күні Висла өзенінің ары бетіне өтіп, Висла-Одер өзенінің арасын жаудан тазартады. 27 ақпан 1945 жылғы шабуылда Помиранск бағытындағы Шлангau, Штегерес, Хаммерштейн, Вольденбург, Бублиц қалаларын азат етіп, неміс әскерлерінен тазартуға қатаысады.

Өз ісіне тиянақты, саутты азамат әрбір соғыс қымылдарын қалт жібермей қалтасындағы дәптерге жазып отырған. 9-12 наурыз күндері курделі шабуылдан кейін Штолл, Лауенбург, Вехарева қалалары босатылады. Осылайша жау әскерлерін ығыстыра отырып еki өзенінің қызылсындағы Балтық теңізіне қуып тығады. Жау әскери теңіз құйылышындағы портты қала Гдына - Данцига қаласына топталып, алдағы соғысқа дайындалып жатады. Бұл құйылыштағы Гдына - Данцига қалалары немістің ең үлкен маңызды бекінісі болатын.

Қажен Имекенов ағымыз соғыса жүріп, сол маңызды жерлерді қағаз бетіне түсіріп, оның ерекшеліктеріне тоқталған. Бұл бекіністің басты ерекшелігі еki өзенінің арасы, таулы-тасты, өзенде сай-саласы, аралды берік бекіністі жер болса, екіншіден бұл ірі портты Балтық теңізі арқылы пароход жүретін, ері пароход заводы бар соғыс күшін су жолымен қамтамасыз ететін немістің бірден - бір соғыс базасы және үлкен әскери азе базасыда осы жерде орналасқаны жайлышты деректер келтіреді. Берлин қаласы шабуылдаған.

Милионға жақын халық тұратын үлкен Нарва қаласын алуда көп қындыққа

үнан I Белорусь майданына Маршал Жуковтың қарауына беріліп Берлинге шабуыл жасау үшін 3 сәуір күні «Одер» өзенінің Берлин жақ бетіне орналасады. Өзенінің әр жерінен ондаған көпір паромдар салады. Өзенінің жалпақтығы кей жерде 350 метрге жеткен.

Осы әскери бөлім Берлин қаласынан 60 шақырым жерде болған. Одердің жағасына орналасқаннан кейін 24-ші сәуірге дейін шабуылға дайындалып, минометтерін балтап, барынша дайындалады.

Осы жерден оқырманға Қажен Имекеновтің сұрапыл жылдарда 1945 жылы өз қолынан жазылған естелігін еш өзгеріссіз беруді жөн көрдім.

«Берлинге шабуыл жасауды біздің командирлеріміздің айтуы бойыншасолкездебылайжобалаған еді. Ашып айтқанда: I Белорусь майданының үзіні 100 шақырым, ені 20 шақырым. Осы көлемнің әрбір квадратының 100 метр жерлеріне бір орудия орналасқан. Аспанда азе соғысы да осы тәртіппен орналасқан. Осы бағытпен 24-ші сәуір күні таңғы сағат төртте шабуыл басталды».

Ай қараңғы еді, прожектор күндізгіден де, электр шамынан да дүниені жарықтылды. Жерде неше түрлі калибрлі орудияның дүмпү дауысы, танкінің гүрілі, аспанда самолеттің ызыны, бомбаның, снарядтың жарылу дыбысы катюшаның от шашқан аңы гүрслі, не керек қара жер дірілдей тенсепті шайқалғандай, әлемге жаңа үн бітіп

сескенбейді, бейбіт өмірде жүргендей аяқты еркін басады. Ондағы мақсат жауды жеңіп, кегін қайтару, Берлинді алып, Совет туын желбірету. Басқа еш бір ой болмайтын. Бұл шабуыл кезінде ел-жүрт, отбасы, туған жерді ойлау түгелдей есте жоқ. Жеңістен басқа тілек жоқ. Бұл сияқты ерлік-ті, бірлікті, Отанын сүюді, жағаға өшпенділікті, ез еліне шын жүргімен, қанымен жанымен берілгенде бірінші рет осы шабуылда көрдім.

Ұрыс, дамылсыз атықа шыдамай 120 мм минометіміздің стволы қызыл шоқ болып кетті. Атуға жарамаған соң жарты сағат сағайын сүйіп, сұтынып аттық. Бас аяғы бір сағат атқаннан кейін отбой болды. Жау қашты, біз тұра қуып жөнелдік. Жолшыбай соғыс болған жерде, қаланы, елді мекенді баса жүріп көрдік.

Далада, жолда, қалада бірде сау жер жоқ, топыраққа дейін бықсып жатыр, қарақүйқа, мақұлық, бутін бұта, күйимеген, өртенбеген, жойылмаган бірде-бір зат көрмейсін. Одер Берлин арасы 60 шақырым дедік, осы екі арада өртенбеген зат жоқ,

Берлинге жақын пригородқа 3 күн жатып, тынығып 29 апрель күні ертеңгілік Берлиннің тубінде Шпеере өзеніне келдік. Көпірден өтіп, Берлинге кірерде күшті көше соғысы болды. Сол көше соғысында біздің командир бригада еki мәрте Совет одағының батыры Полковник Кирчетов ерлікпен қаза тапты (осы батырдың ерлігі мен батырлығы жайлы «Берлинге шабуыл» деген кинода көр-

Кәжен Имекенов соғыстағы ерлігі үшін екі рет «За отвагу», бір рет «За боевой заслуги», «За оборона Ленинграда, за взятие Берлина», «За победа над Германией», «За освобождение Варшавы» медальдарымен және бірнеше медаль, алғыстармен наградталған.

Соғыстан елге келгеннен кейін алғашқы туған қызы баласының атын Нарва үшін болған соғыста қаза болған достарының құрметіне Нарва қояды.

Қажекен аудан көлемінде әр деңгейде сапалы қызмет атқарып, 1964 жылы зейнеткерлікке шыққан. Артына саналы үрпақ қалдырып, 1989 жылы дүниеден озды жарықтық. Қажен ағамыз арапша, төте жазуды менгерген, көптеген олеңдер шығарған, соғыс кезінде неміс тілін үйренуге талап жасаған жинаған құжаттарынан көрінеді.

Осындағы қашшама жерлерінен кейін келгеннен кейінде «мен сондай болдым», - деп кеудесін қақпай, бұйығы өмір кешіп, өмірден озды. Миллиондаған қандастарымыз бүгінгі тәуелсіз үрпақтың келешегі мен бақыты үшін күресіп, сол жолда опат болды. Бүгінгі бейбіт күн сол жауынгер батыр ағалардың қан майданда төккен терімен, асқан ерлігімен келгенін ұмытпайық. Отан үшін опат болған азаматтарға Ұлы Жаратушы иман, халқымызға мызғымас бейбітшілік, береке-бірлік берсе екен деп тілейік ағайын!

Шөптібай БАЙДІЛДИН,
өлкетанушы